



«ҚЫЗЫҚТЫ география әлемінде»

Зияткерлік ойын

The background is a dark grey, textured surface with faint, light-colored sketches of various scientific and educational concepts. These include a globe, a telescope, a microscope, a stack of books, a hand holding a pencil, a percentage sign, and a book with text. The sketches are rendered in a simple, line-art style.

«Он сегіз мың ғалам»

1-сұрақ: Бір шалдың жүзден астам ұрпағы болыпты. Оның көбі ұлдар, жиырма шақтысы қыздар. Ұлдары мінез-құлықтарына байланысты үш топқа бөлінеді.

Біріншілері тәкәппар, ешкіммен сөйлеспейді, екіншілері байсалды, ал үшіншілері кіммен болса да тіл табыса алады.


■ **2 -сұрақ:** Басына шыққанда бірден төрт елді көруге болатын тау қалай аталады және ол қайда жатыр?

■ 3-сұрақ: Әлемге әйгілі «Мона Лиза» портретінің авторы кім?

■4-сұрақ: Италияда «ит үңгірі» деп аталатын үңгір бар. Оның түбінде ұдайы көмір қышқыл газы тұнып тұрады. Үңгірде адам еркін жүре береді, ал ит болса, көп ұзамай-ақ сенделіп барып құлайды. Неге?

■ **5-сұрақ:** Ертеде қойшылар ағаш тостағанда сүт пісіріп ішкен. Оны қалай түсіндіруге болады?

■ **6-сұрақ:** Көңіл күйі
болмаған адамның
бейнесінде қандай материк
бейнеленген?



■ **7-сұрақ:** Барсакелмес
атауының мәні неде?

■ **8-сұрақ:** Сіздер бейтаныс жерге кемемен жүзіп келіп, жергілікті адамдармен тіл табыспақшы болып, оларға әртүрлі сұрақтар қоя бастадыңыздар. Ал олар сіздерге **«Кенгуру»** деген сөзден басқа сөз айтқан жоқ. Сіздер қай жерге келдіңіздер және адамдар не деп жауап берді?

■ **9-сұрақ:** Саяхатшылар алғаш рет бұл жерге келгенде егістік алқабында биіктігі бір метрден асатын, жапырақтары **«күмістен»** жемістері **«алтыннан»** тұратын таңғажайып өсімдікті көрді. Бұл қай материк және қандай өсімдік еді?

- **10-сұрақ:** Сіздер материкте оқымысты ғылым қызметкерлерінен басқа адамды кездестірмейсіздер. Бірақ ешқайсысы зәулім ғылыми институттарға жұмысқа бармайды және қарапайым вагон-үйлерде тұрады.
- Бұл қай материк және қай халық?

. Сергіту сәті «Иә», «Жоқ»

- 1.Қарағанды алабы

Бай болады көмірге

- 2.Мұнай газдың көп қоры

Шығыстан да шығыпты

- 3.Екібастұз көмірін

Қойшы бала ашыпты

- 4.Доссор, Мақат кен орны

Атырауда бар екен

- 5.Екібастұз көмірін

Алады екен карьерден

«Ең...Ең...Ең...» Жедел жауап беру

- 1.Ең үлкен арал —
 - **Гренландия**
- 2.Ең биік шың —
 - **Джомолунгма**
- 3.Ең үлкен түбек —
 - **Арабия**
- 4.Ең кіші материк —
 - **Аустралия**
- 5.Ең үлкен материк —
 - **Еуразия**

▪ 11.Ең биік сарқырама —

▪ Анхель

▪ 12.Ең үлкен көл —

▪ Каспий

▪ 13.Ең терең көл —

▪ Байкал

▪ 14.Ең кіші мұхит —

▪ Солтүстік Мұзды мұхит

▪ 15.Ең суы мол өзен —

▪ Амазонка

▪ 21.Ең биік тау —

▪ Гималай

▪ 22.Ең үлкен шөл —

▪ Сахара

▪ 23.Ең кіші мемлекет —

▪ Ватикан

▪ 24.Ең тұзды теңіз —

▪ Қызыл теңіз

▪ 25.Ең суық материк —

▪ Антарктида